

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті білікті мамандар даярлап шығатын қара шаңыраққа айналғалы қашан. Сұрапыл соғыстың қызып тұрған шағында, яғни 1943 ашылған бұл білім ордасы Оңтүстіктегі тұңғыш техникалық жоғары оқу орны болатын.

Егер осы оқу орнын басқарған айтулы азаматтарды, ірі тұлғаларды санамалай бастасақ, білім ордасының ерекшелігін, оның қаншалықты киелі екенін барынша сезіне түсеміз. Сонау алғашқы директор К.Деляурдан бастап, бүгінгі ректорға дейінгі биыл құрылғанына 70 жыл толып отырған осы оқу орнының басшылары жайында сөз қозғасақ, өз алдына бір әңгіме. Иә, мұны айтып отыруымыздың да өзіндік себебі бар. Өйткені, бүгінгі әңгімеміз жаңашыл басшы, жаңалыққа жаны құштар, осы оқу орнын одан әрі дамытуға бар ынта-жігерін жұмсап жүрген ректор, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Жұмахан Мырхалықов жөнінде болмақ. Өмірін ғылым мен білімге, ел игілігіне арнаған осындай азаматтың тындырған істерін, ғылымдағы жетістіктерін айтып, жазып көпшілікке жеткізе білсек, келер ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Рас, бір қарағанда, Жүмекеңнің өмір жолы өзге замандастары сияқты қарапайым болып көрінгенмен, өзіндік ерекшелігі, өнегелі, үлгілі тұстары аз емес.

1954 жылы 16 сәуірде Жамбыл облысының Аса ауылында дүниеге келген Жұмахан Үшкемпірұлының жастайынан басты арманы Мәскеу қаласында білім алу болатын. Сол арман-аңсары Мәскеуде оқып жүрген өпке-жездесінің үйіне барып, артынша сондағы орта мектепті тәмамдап, кейіннен, 1976 жылы А.Н.Косыгин атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Мәскеу тоқыма институтына оқуға түсуімен орындалды.

Шындығында, Жұмахан Үшкемпірұлы өзінің асқақ арманына қажымай-талмай ұмтылуының арқасында талай табыстарға жетуге болатындығын көрсетті. Оны кейінгі өмір жолынан да байқау қиын емес.

1976 жылы Ж.Мырхалықов елімізге тоқыма өндірісіне келген алғашқы білікті маман ретінде Жамбыл технологиялық институтына қызметке кірісті. Тоқыма өнеркәсібін барынша жетік меңгерген ол 1985 жылдан 1993 жылға дейін Тараз қаласындағы жіп иіру фабрикасын басқарды. Ал оның ірі ғалым және білім мен ғылымның тәжірибелі ұйымдастырушысы ретінде қалыптасқан кезі М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіндегі қызметімен тікелей байланысты. Сондықтан да 1995 жылы өлгі оқу орны ғана емес, бүкіл елімізде тұңғыш «Тоқыма өнеркәсібінің технологиясы» кафедрасының ашылуына ұйытқа болды. Оның бастан-аяқ материалдық-техникалық базасының мейлінше нығайуына мол еңбек сіңірді.

2007 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ө.Жолдасбеков атындағы механика және машина жасау институтында докторлық



Жаңалыққа жаны жақын жан

диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Ж.Мырхалықов тоқыма өндірісі саласында белгілі ғалым және жоғары мектептің тәжірибелі ұйымдастырушысы ретінде 2008 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне қызметке шақырылды. Оның жетекшілігімен жеңіл және тамақ өнеркәсібі институты ұйымдастырылып, заманауи материалдық-техникалық және зерттеу базалары құрылды. Жаңа ғылыми бағыттар мен оқу-өндірістік кешендер ашылып, белгілі ғалымдар мен мамандар шақырыла бастады. Өйткені, осы жылдары Оңтүстік өлкесінде тоқыма өнеркәсібі саласының өсуі байқалған болатын және жеңіл өнеркәсіп саласына кадрлар даярлау мәселесі өзекті түрде күн тәртібінде тұрды. Мақта-тоқыма кластерінің ашылуы барысында «Оңтүстік» өркін экономикалық аймағында 4 жаңа кәсіпорынның ашылуы осы саланың қарқынды дамуына ықпал етті.

2011 жылдың ақпанында Жұмахан Үшкемпірұлы инновациялық қызмет жөніндегі проректор болып тағайындалды. Осы лауазымда жүріп ол инновациялық инфрақұрылым және аймақтық технопаркті құру бойынша маңызды ұйымдастыру жұмыстарын атқарды. Оның басшылығымен М.Әуезов атындағы ОҚМУ трансформациялау бағдарламасын табысты жүзеге аса бастады.

Білікті басшының белсенді жұмысының нәтижесінде М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің ғылыми және инновациялық қызметі жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Университет еліміздің инновацияға бағытталған жоғары оқу орындарының қатарына еніп, ғылыми жобаларды коммерциализациялау кеңсесін қаржыландыруға арналған байқауда жеңіске жетті. «КазАтомПром», «КазМұнайГаз» Ұлттық компанияларына және басқа да жетекші кәсіпорындар үшін ғылыми бағдарламаларды жасады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын инновациялық

өндірістерді құру бойынша жобаларды жүзеге асыру басталды. Ол «2010-2012 жылдары. Қазақстан Республикасы химия өнеркәсібінің дамуын ғылыми қамтамасыз ету» мемлекеттік бағдарламасын жасаумен айналысқан жұмыс тобын басқарды.

Ж.Мырхалықовтың жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан инновациялық қызметтің арқасында «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдастырған «Инновациялық Қазақстан» республикалық жастар конкурсының нәтижесі бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ Қазақстан Республикасының

екінші инновациялық ЖОО болып танылды.

Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі саласындағы кәсіби маман ретінде халықаралық танымалдылыққа ие болғандығынан, Ж.Мырхалықовқа Британ Кеңесі қаржыландыратын Қазақстан және Ұлыбританияның ұзақмерзімді серіктестігі аясында INSPIRE «Ғылым және білім саласындағы халықаралық стратегиялық әріптестік» бағдарламасы бойынша халықаралық жобаларға жетекшілік жасауға мүмкіндік берді.

2012 жылы ақпан айынан бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін басқару тізгіні Жұмахан Үшкемпірұлына сеніп тапсырылған болатын. Өркімнің алар асуы, шығар биігі әр түрлі десек, оны біреу ерте, біреу кеш бағындырып жатады. Жұмахан Үшкемпірұлы жұлдызы мейлінше жанған жан ретінде көпшіліктің ризашылығына бөленді. Мұндай жағдай кез келген адамның пешенесіне жазыла бермейтіндігі анық. Өзі ісіне ұқыпты ол жұмысты өрге домалатып әкетті. Бүгінде университетіміз тек Қазақстанға ғана емес, шетелдерге де танылған білім ордасы екенін мақтан ете аламыз. Әрине, жұмыстағы әрбір көрсеткіш, жетістік тиянақты еңбектің нәтижесінде келеді. Істің тілін білетін басшының жұмысқа деген талапшылдығының арқасында университет еліміз бойынша алдыңғы қатардан көрініп келеді.

Сондай-ақ, ректор туған өлке тарихының айтулы оқиғаларына, ұлтымыздың бірегей тұлғаларының тағдырына бейжай қарамайтындығын да байқатты. Университетімізде ашылған Сұраншы батыр атындағы тарихи тұлғаларды зерттеу орталығы, «Абайтану» оқу-ғылыми орталығы және Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор С.Рақымовтың 110 жылдығына орай «Ерлікке толы ғұмыр» ғылыми-тәжірибелік конференциясының

ұйымдастырылуы сияқты көптеген шаралардың өтуіне тікелей атсалысып қолдау көрсетті. «Жемісті ағаш жерге иіледі, жетелі жігіт елге иіледі» демекші, Жүмекеңнің Оңтүстік өлкесінде атқарған игілікті істері аз емес. Өзі еңбек етіп келе жатқан осы өлкенің төл тарихына қатысты мәселелерге өз көзқарасын білдіріп отыруды дағдыға айналдырған. Өткен жылы оның «Егемен Қазақстан» газетінде «Қазығұрттың басында кеме қалған» атты үлкен мақаласы жарық көрді. Онда қасиетті Қазығұрт тауын қастерлеуді барынша қолға алу керектігін айта келіп: «Қазығұрт маңайын ұлттық этносаябаққа айналдыруға әбден болады. Жан-жақтан келетін саяхатшыларға бар мүмкіндіктерді жасауға тиістіміз. Қазығұртты ұлықтап, еліміздің сан ғасырлық тарихын өлемге та-

ныстырып, сұлу табиғатымен тамсандыратын жағдай жасау ғанибет емес пе?», - деп атап көрсетті.

Сонымен қатар ол қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласып келеді. 1999-2007 жылдары Ж.Мырхалықов Тараз қалалық мәслихатының I және II шақырылымдарының депутаты болып сайланды, мәслихатта білім және ғылым жөніндегі тұрақты комиссияны басқарды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы білімінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және Тараз қаласы өкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «ЖОО 2009 жылғы үздік оқытушысы» гранты және «Құрмет» орденінің иегері.

Бүгінде ректор Ж.Мырхалықовтың алдында білім беру нарығындағы көшбасшылық жағдайымызды одан әрі нығайту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру міндеті тұр. Себебі, біздің түлектеріміз бәсекеге қабілетті маман болып қана қоймай, жаңаша ойлайтын, жаңаша еңбек ететін тек Қазақстанға ғана ұрпаққа айналуы тиіс.

Ел ағасының әрбір еңбегі, атақ-даңқы туған елі үшін бағытталатыны хақ. «Ағаның алды – ен жайлау» демекші, білікті басшысы бар бүгінгі оқу орнымыз, өзі айтпақшы, тек «алға қарай адымдап, ешқашан тоқтамайтын өмірмен бірге болашаққа» бет түзей беретін болады.



Сейдехан ƏЛИБЕК,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің факультет деканы, тарихы ғылымдарының докторы.